

Ортағасырлық Құмиян қаласы

Жаңақорған ауданында археологиялық тұрғыда әлі де толық зерттелмеген Құмиян, Қырөзгент, Аққорған сияқты ортағасырлық қалалар бар.

Құмиян қаласы Келінтөбенің оңтүстік-батыс жағында 10 шақырым жерде, Сырдарияның құрғап қалған арнасынан 3-4 шақырым қашықтықта орналасқан. Қала шамамен VII-XII ғасырларда өмір сүрген. Құмиян тік төртбұрышты қамал қала, көлемі 210x180 метр, қала сыртындағы қорғанның кейбір сақталған биіктігі 5-6 метр, дуалының ені шамамен 3-3,5 метр болады. Қаланың оңтүстік жағындағы екі бұрышындағы мұнараның құлаған орны 2,5 м төбе болып үйіліп жатыр. Қорғанның құрылыс жүйесіне қарағанда төрт жағында бес-бестен мұнара болған. Мұнаралардың арасы 35 метр болады. Қаланың қақпасы оңтүстік-шығысында орналасқан. Қорғанның сыртында айналдыра ені 8 метр, тереңдігі 1,5-2 метр ор болған. Құмиянның ортасында көлемі 45x45 метр цитаделі сақталған. Алайда екеуінің ішінде ешбір құрылыстың ізі байқалмайды. Дегенмен солтүстік-батыс жағындағы бұрышта шағын ғана төбенің орны байқалады. Соған қарағанда шаһристан ішінде құрылыс жүйелері болған деген ой тудырады. Қала үстінен теріп алынған қыш ыдыстардың ернеуінде жапсырылған жиектері, су тасуға арналған құмыралардың тұтқалары әсем жасалған. Ас ішуге қажетті ыдыстардың түптері дөңгелек. Олардың көпшілігінде ақ ангобаның үстінен көк, қоңыр сырмен өрнектер жүргізілген. Ыдыстардың сырлары Отырар қаласының он бірінші мәдени қабатынан алынған ыдыстарға ұқсас келеді.

Құмиян туралы алғашқы жазба ескерткішті 1910 жылы В.А. Каллаур жазған. Ескерткішті 1969-1970 жылы К.Ақышев ашып, зерттеген. Ал, 2004 жылы археолог, профессор М. Елеуов қалашықтың географиялық координаттарын анықтап, «Жинаққа» енгізген.

Құмиян қалашығы

Ел аузында Құмиян қаласын ордалы жыландар жайлап алып, халқын қуып шығыпты, содан қала қаңырап бос қалыпты деген аңыз әңгімелер сақталған. Осыған байланысты жазушы-зерттеуші Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай: «XI ғасырдың орта шенінде Қыпшақ тайпаларының Оғыз мемлекетін ойрандағаны тарихтан мағлұм. Қыпшақ тайпалар одағына қимақтар да кіретін еді. Қимақтардың тотемі жылан екендігін жазбаша жәдігерлердің көпшілігі-ақ айғақтайды. Олардың туларында жыланның суреті жалаңдайтын, таңбалары да жылан тәрізді бейнеленетін», – дейді. Олай болса, жылан таңбалы ту ұстаған қимақтардың шабуылынан теперіш көрген құмияндықтардың оларды ордалы жыланға балауы да мүмкін.

Дегенмен, Құмиян қаласы кезінде өркендеген қаланың бірі болғаны сөзсіз.

Материал «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы аясында жарық көрген «Жаңақорған» ғылыми-көпшілік кітабының негізінде дайындалды.